

**«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша АНЫҚТАМА**

**Қызылорда қаласы**

**2024 жылғы 29 ақпан**

**КІРІСПЕ БӨЛІМІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның (әрі қарай - Кәсіпорын) құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды директорының 30.01.2024 жылғы №14-П бұйрығы негізінде, Кәсіпорынның комплаенс-офицері жүргізді.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2023 жыл кезеңі қамтылды.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 01-29.02.2024ж. аралығында жүргізілді.

6. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру комплаенс-офицері Г.Байкуатовқа жүктелді.

**СИПАТТАМА БӨЛІМІ:**

**1. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (әрі қарай - НҚА);

2) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау барысында Кәсіпорын қызметін регламенттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ.

**Талданатын объект туралы мәліметтер:**

Кәсіпорынның өз жұмыстарын жүзеге асыру кезінде ҚР Конституциясын, ҚР қолданыстағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негіздерін басшылыққа алады. Кәсіпорынның қызметіне ҚР еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, Жарғысына, Кәсіпорынның

шешімдеріне, лауазымдық нұсқаулық және басқа да ішкі ережелерін басшылыққа алып жұмыс жасайды.

Кәсіпорында 12 бөлім, 3 аудандық газ шаруашылығы барлығы 15 бөлім жұмыс жасайды:

- Әкімшілік құрамы;
- Есеп бөлімі;
- Жоспарлау экономикалық бөлімі;
- Әкімшілік – құқықтық бөлім;
- Өндірістік – техникалық бөлім;
- Еңбек қорғау, қауіпсіздік және экология қызметі бөлімі;
- Мемлекеттік сатып алу бөлімі;
- Ақпараттық технологиялар тобы;
- Қармақшы ауданының газ шаруашылығы.
- Жалағаш ауданының газ шаруашылығы
- Сырдария ауданының газ шаруашылығы
- Бақылау – өлшеу құралдары және автоматика қызметі
- Автокөлік қызметі
- Әкімшілік – шаруашылық бөлімі
- Газды сату және өткізу бөлімі

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бөкей хан көшесі № 41 Г.

**II. Кәсіпорынның қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау комплаенс-офицері кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлімдерде өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

**Басқарма қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:**

- «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңы;
- ҚР ҚН 4.03-01-2011 «Газ тарату жүйелері» нормативтік-құқықтық құжатамасы;
- Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығы;
- «ХҚН 4.03-01-2003 Газ тарату жүйелері» нормативтік құжаты;
- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығы;
- Коммуналдық қызметтер тізбесін және коммуналдық қызметтер көрсетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м. а. 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процесстік кодексі;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы;

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі Заңы;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы Конституциялық Заңы;
- Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы;

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

### **III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.**

Кадрлық құрам бойынша Кәсіпорын құрылымында штат саны бойынша – 247 қызметкер. Оның ішінде әкімгершілік құрамы - 24, өндірістік құрамы – 69, штаттан тыс қызметкер жоқ. 2023 жылғы кадрлық тағайындаулар мен босатулар бойынша: 12 қызметші конкурс арқылы қабылданды, 25 қызметкер жұмыстан босатылды.

Квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің табыстары туралы декларацияның уақытылы тапсырылуы бақылауға алынып, Кәсіпорын барлық қызметшілері 2023 жылға арналған табыс туралы декларацияларын өз уақытында тапсырған.

#### **Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.**

Тәртіптік шаралар бойынша Кәсіпорында 2023 жылға әкімгершілік қызметкерге – 1, өндірістік қызметкерлерге – 13 тәртіптік шара қолданылды.

Атап айтқанда:

1.Кәсіпорын директорының 14.02.2023ж. №38-ж/қ бұйрығымен «Сату және өткізу» бөлімінің контролері Дөнбаева Гүлжанат Кенжебекқызына, өз лауазымдық міндеттеріне немқұрайлы қараған үшін **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

2. Кәсіпорын директорының 21.04.2023ж. №97-ж/қ бұйрығымен «Сату және өткізу» бөлімінің контролер Дөнбаева Гүлжанат Кенжебекқызына, өз лауазымдық міндеттеріне немқұрайлы қараған үшін және тәртіптік жазасы бар жұмыскер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамаған немесе қайталап тиісінше орындамаған үшін **«сөгіс»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

3. Кәсіпорын директорының 05.07.2023ж. №155-ж/қ бұйрығымен «Сату және өткізу» бөлімінің контролер Дөнбаева Гүлжанат Кенжебекқызына 01.07.2023ж. жұмыста болмай еңбек тәртібін бұзғаны үшін, **«қатан сөгіс»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған. Алдағы уақытта еңбек тәртібі бұзылған жағдайда Дөнбаева Гүлжанат Кенжебекқызымен еңбек шарты бұзылатындығы көрсетілген.

4.Кәсіпорын директорының 07.08.2023 жылғы №191-ж/қ бұйрығы негізінде Г.К.Дөнбаевамен ҚР Еңбек кодесінің 49-бабы 1-тармағына сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек келісім шарты тоқтатылған.

5. Кәсіпорын директорының 28.03.2023ж. №69-ж/қ бұйрығымен «Бақылау – өлшеу құралдары және автоматикасы» қызметінің жетекші маманы Әмзе Аслан Асанбекұлына, өз лауазымдық міндеттеріне немқұрайлы қараған үшін **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорымен А.А.Әмзеге қатысты қолданылған тәртіптік жаза ҚР Еңбек кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес, қолдану мерзімі ол қолданылған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде алынған.

6. Кәсіпорын директорының 23.08.2023ж. №205-ж/қ бұйрығымен Жалағаш аудандық газ шаруашылығының пайдалану және жөндеу слесарларына - Алмағанбетов Айдарбек Орынбековичке өз функционалдық міндетірін дұрыс атқармауы және жұмысқа немқұрайлы жауапсыздықпен қарағаны үшін (тексеру нәтижелері бойынша тұтынушылардың газ тұтыну көрсеткішін бұрмалап – асыра көрсету фактісі анықталған), ҚР Еңбек Кодексінің 64-бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 19.12.2023 жылғы №280-ж/қ бұйрығы негізінде «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы алынған.

7. Кәсіпорын директорының 23.08.2023ж. №205-ж/қ бұйрығымен Жалағаш аудандық газ шаруашылығының пайдалану және жөндеу слесарларына - Ыбашов Ерхан Кайратұлына өз функционалдық міндетірін дұрыс атқармауы және жұмысқа немқұрайлы жауапсыздықпен қарағаны үшін (тексеру нәтижелері бойынша тұтынушылардың газ тұтыну көрсеткішін бұрмалап – асыра көрсету фактісі анықталған), ҚР Еңбек Кодексінің 64-бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 19.12.2023 жылғы №280-ж/қ бұйрығы негізінде «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы алынған.

8. Кәсіпорын директорының 23.08.2023ж. №205-ж/қ бұйрығымен Жалағаш аудандық газ шаруашылығының пайдалану және жөндеу слесарларына - Серитханов Джахар Лукмановичке өз функционалдық міндетірін дұрыс атқармауы және жұмысқа немқұрайлы жауапсыздықпен қарағаны үшін (тексеру нәтижелері бойынша тұтынушылардың газ тұтыну көрсеткішін бұрмалап – асыра көрсету фактісі анықталған), ҚР Еңбек Кодексінің 64-бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

9. Кәсіпорын директорының 23.08.2023ж. №69-Ө бұйрығымен Сырдария аудандық газ шаруашылығының пайдалану және жөндеу слесары Балманов Жасұлан Қайсарұлына, өз лауазымдық міндеттеріне немқұрайлы қараған үшін **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 01.09.2023 жылғы №213-ж/қ бұйрығы негізінде Ж.Қ.Балмановпен ҚР Еңбек кодексінің 49-бабы 1-тармағына сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек келісім шарты тоқтатылған.

10. Кәсіпорын директорының 06.09.2023ж. №215-ж/қ бұйрығымен «Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және экология» қызметінің еңбекті қорғау, қауіпсіздік және экология жөніндегі инженер - Асылбек Нұрхан Асылбекұлына, өз функционалдық міндетірін дұрыс атқармауы және бірнеше кемшіліктерде орын алған үшін ҚР Еңбек кодексінің 64-бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 19.12.2023 жылғы №282-ж/қ бұйрығы негізінде «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы алынған.

11. Кәсіпорын директорының 25.09.2023ж. №233-ж/қ бұйрығымен Жалағаш АГШ-ң басшысына - Жанашев Сабит Еркінболовичке өз функционалдық міндетірін дұрыс атқармауы және бірнеше кемшіліктерге жол берген үшін, ҚР

Еңбек Кодексінің 64-бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 19.12.2023 жылғы №282-ж/қ бұйрығы негізінде «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы алынған.

12. Кәсіпорын директорының 25.09.2023ж. №233-ж/қ бұйрығымен Қармақшы АГШ-ң басшысына - Мусаев Ержан Темірбекұлына өз функционалдық міндетірін дұрыс атқармауы және бірнеше кемшіліктерге жол берген үшін, ҚР Еңбек Кодексінің 64-бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 19.12.2023 жылғы №282-ж/қ бұйрығы негізінде «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы алынған.

13. Кәсіпорын директорының 25.09.2023ж. №233-ж/қ бұйрығымен Сырдария АГШ-ң басшысына - Есенгелді Еркебұлан Есенгелдіұлына өз функционалдық міндетірін дұрыс атқармауы және бірнеше кемшіліктерге жол берген үшін, ҚР Еңбек Кодексінің 64-бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 19.12.2023 жылғы №282-ж/қ бұйрығы негізінде «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы алынған.

14. Кәсіпорын директорының 25.09.2023ж. №233-ж/қ бұйрығымен «Сату және өткізу» бөлімінің бастығы Рахманов Канат Карбозовичке\_ өз функционалдық міндетірін дұрыс атқармауы және бірнеше кемшіліктерге жол берген үшін, ҚР Еңбек Кодексінің 64-бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған және де осы бұйрық негізінде К.К.Рахмановқа «Мұнай және газ саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне» орай лауазымдық оклад мөлшерінде сыйақы берілмеуі туралы шешім қабылданған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 19.12.2023 жылғы №281-ж/қ бұйрығы негізінде «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы алынған.

15. Кәсіпорын директорының 21.11.2023ж. №270-ж/қ бұйрығымен Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына іссапарға жолданған Асет Данияругли Исмаиловқа еңбек тәртібін сақтамаған үшін, **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Алайда, Кәсіпорын директорының 06.02.2024 жылғы №18-ж/қ бұйрығы негізінде А.Д.Исмаиловпен ҚР Еңбек кодексінің 49-бабы 1-тармағына сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек келісім шарты тоқтатылған.

Қазіргі таңда, ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған мәліметтерге сәйкес, Кәсіпорын қызметшілері әкімшілік және қылмыстық жауаптылық және де адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

2023 жылы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**IV. Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.**

Кәсіпорын қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау барысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

**V.Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.**

Кәсіпорын әкімгершілік құрамы мен өндірістік қызметкерлерінің бос лауазымы болған жағдайда конкурс өткізу туралы хабарландыруды Enbek.kz электрондық еңбек биржасында және QGTJ.KZ ресми сайтта мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

Әкімшілік-құқықтық бөлімі конкурсқа қатысу үшін әкімгершілік құрамының және өндірістік қызметкерлердің бос лауазымдарына үміткерлерден құжаттар жинауды жүзеге асырады, конкурсқа қатысушылардың тізімін құрастырады, өзге де конкурстық құжаттарды дайындайды.

Кәсіпорын директорымен 04.09.2023ж. бекітілген конкурс комиссия туралы Ережеге сәйкес, басшылық конкурстық комиссия саны мен дербес құрамын айқындайды, оның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп саналады.

Кәсіпорынның әкімгершілік құрамы мен өндірістік қызметкерлерінің лауазымдарына орналасу конкурсына Біліктілік стандарттарына сәйкес келетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар адамдар немесе орта кәсіптік орта техникалық оқу орнына кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі. Қызметкерлерді персонал лауазымдарына қабылдау ҚР заңдарында көрсетілген біліктілік анықтамалығына сәйкес, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады.

Кәсіпорында біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері болды, яғни Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және экология қызметі бөлімінің инженері қызметі лауазымына тағайындалды.

Біліктілік анықтамалығының жалпы ережелерінің 7-тармағында Жұмыскерлердің іс жүзінде орындайтын міндеттері мен біліктілігінің лауазымдық сипаттамасының талаптарына сәйкестігін комиссия (біліктілік, аттестаттық) айқындайды – деп көрсеткен.

Осыған байланысты, комиссия жұмыстың сапалы әрі тиімді орындалуына баса назар аударуы мүмкін. Арнайы даярлығы немесе біліктілік талаптарында белгіленген жұмыс өтілі жоқ, бірақ жеткілікті практикалық тәжірибесі бар және өз міндеттерін тиімді және толық көлемде орындайтын жұмыскерлер ерекше жағдайда комиссияның ұсынысы бойынша, арнайы даярлығы және жұмыс тәжірибесі бар қызметкер ретінде тиісті лауазымдарға тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда шешімді ұйымдағы комиссия (біліктілік, аттестаттық) белгілі бір лауазымға үміткер қызметкермен әңгімелесу кезінде қабылдауды және де ұйым басшысының бұйрығымен құрылған комиссияның ұсынысы бойынша жұмыс беруші ерекше жағдайда білімі мен біліктілігі лауазымдық нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметкерді жұмысқа қабылдауға қарастыруы мүмкін екені анықталған. Осыған орай, Кәсіпорын директорымен 24.01.2024 жылы бекітілген қызметкерлерді аттестациялау туралы Ережеге сәйкес, бұйрық негізінде құрылған аттестациялық комиссиясымен лауазымға үміткер қызметкермен әңгімелесу жүргізіледі.

**VI. Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау – анықталған жоқ:**

Кәсіпорын әкімгершілік құрамы мен өндірістік қызметкерлерінің бос лауазымы болған жағдайда конкурс өткізу туралы хабарландыруды Enbek.kz электрондық еңбек биржасында және QGTJ.KZ ресми сайтта мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау фактілері болған жоқ.

**VII. Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.)- анықталған жоқ:**

Кәсіпорын әкімгершілік құрамы мен өндірістік қызметкерлерінің бос лауазымы болған жағдайда конкурс өткізу туралы хабарландыруды Enbek.kz электрондық еңбек биржасында және QGTJ.KZ ресми сайтта мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

Әкімшілік-құқықтық бөлімі конкурсқа қатысу үшін әкімгершілік құрамының және өндірістік қызметкерлердің бос лауазымдарына үміткерлерден құжаттар жинауды жүзеге асырады, конкурсқа қатысушылардың тізімін құрастырады, өзге де конкурстық құжаттарды дайындайды.

Кәсіпорын директорымен 04.09.2023ж. бекітілген конкурс комиссия туралы Ережеге сәйкес, басшылық конкурстық комиссия саны мен дербес құрамын айқындайды, оның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп саналады.

**VIII. Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы – анықталған жоқ.**

Әкімгершілік және өндірістік персоналдың бос лауазымдарына орналасу конкурсына қатысушылармен әңгімелесу жүргізу кезіндегі мәселелер Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығымен бекітілген басшылардың, мамандардың және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес лауазымға қойылатын талаптарға, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес негізделеді.

Әңгімелесу кезіндегі сұрақтардың үлгілік тізбесі ҚР Заңдарының талаптарына сәйкес құжатталған рәсімінде көрсетілген.

**IX. Кандидаттар үшін әркелкі жағдайлар жасау- анықталған жоқ:**

Әкімгершілік құрамы және өндірістік қызметкер персоналдарына бос лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу жүргізу кезінде кандидаттар тепе-теңдік бастамада қатысады, олардың барлығына конкурсқа қатысу үшін тең мүмкіндіктер беріледі, конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестік

қамтамасыз етіледі, сондай-ақ конкурс өткізудің объективтілігі мен жариялығының сақталуын бақылау жүзеге асырылады.

**Х. Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу – анықталған жоқ:**

Конкурстық комиссияның құрамын қалыптастыру кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу, сондай-ақ конкурстық комиссияның құрамына мүдделі тұлғаларды енгізу анық байқалады, яғни белгілі бір бөлімнің қызметкерін конкурсын өткізу кезінде ешбір жағдайда құрамына осы бөлімнің басшысы кірмейді.

Кәсіпорын директорымен 18.08.2023 жылғы бекітілген «Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу туралы Саясаты» негізінде, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қойылған.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына сәйкес, квазимемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Басқарма тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей басшы немесе квазимемлекеттік органның басшылығы қызметшінің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақытылы қабылдауға, оның ішінде:

1. мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа мемлекеттік қызметшіге тапсыруға;

2. мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3. мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Мемлекеттік қызметші, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

**XI. Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру – анықталған жоқ:**

Жұмысқа қабылдау кезінде және жоғары ауысу кезінде, оның ішінде басқа бөлімге (қызметке) ауысу кезінде әкімгершілік және өндірістік құрамы қызметкерлердің лауазымдарына конкурстық орналасу ережелеріне сәйкес әрдайым конкурстан өтеді, содан кейін еңбек шарты жасалады немесе еңбек шартына қосымша келісім жасалады. Құрылымдық бөлімшелердің қалған барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығымен бекітілген басшылардың, мамандардың және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сондай-ақ лауазымдық нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте басқа лауазымдарға ауыстырылады.

## **ХІІ. Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы - анықталған жоқ:**

Жалақы қоры туралы ақпарат Кәсіпорынның ресми сайтында және біріңғай мемлекеттік тізілім арқылы <https://cabinet.gosreestr.kz/> веб порталында жарияланған Кәсіпорынның даму жоспарында ашық қолжетімді.

Қызметкерлерді көтермелеу туралы ақпарат Кәсіпорынның кеңестік отырыстарында көтермелеу туралы бұйрықты көпшілікке жариялау арқылы барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

## **ХІІІ. Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу – анықталған жоқ:**

Өз лауазымдық міндеттерін сапалы, адал, тиімді орындағаны үшін тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау жағдайларын қоспағанда, Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, материалдық ынталандыру және сыйлықақы беру жүйесі туралы Ережеге сәйкес сыйлық беру сәтінде тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге сыйақы төленбейді.

Мерзімінен бұрын алып тасталған тәртіптік жазалардың үлес салмағы анықталған жоқ.

## **ХІV. Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу – анықталған жоқ.**

Қызметкерлерге сыйақы беру және көтермелеу кезінде жалпы жұмысының, кәсіптік бағдар беру жұмысының нақты жетістіктері мен нәтижелері, ерекше сіңірген еңбегі мен кәсіби білімі, бөлімшенің қызметіне қызметкердің рөлі мен үлесі, жоспардан тыс міндеттер мен жұмыс түрлерін шұғыл орындау қатаң көрсетіледі. Осыған сүйене отырып, басшылық қызметкерлерді ынталандыру мөлшерін анықтайды, яғни қызметкерлерге сыйақы беру үшін Кәсіпорынның бөлім басшыларының, орынбасарлардың ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөніндегі шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

Кәсіпорын қызметкерлерге сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдылық жалақыларына үстемақылар белгілеу Директормен бекітілген 20.10.2022 жылғы «Жұмысшыларға еңбекақы төлеу туралы Ережеге» сәйкес, Кәсіпорынмен сыйлықақыларды есептеу үшін басшысының бұйрығы негіз болып табылады. Сыйақылар келесі қаржы жылына еңбекақы төлеу қорының бюджетінде жоспарланған қаражат шегінде төленеді.

2023 жылы Наурыз мерекесіне орай, Мұнай және газ саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, 2024 Жаңа жыл мерекелеріне орай сыйақылар берілген.

Сонымен қатар, Кәсіпорын қызметшілерін атқарған жұмыстарының нәтижесіне сәйкес мемлекеттік мерекелерде марапаттауға ұсыныстар жолданып тұрады.

## **ХV. Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Кәсіпорында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Кәсіпорында мүдделі қақтығысын болдырмау жөніндегі Директормен 18.08.2023 жылы «Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу туралы Саясаты» бекітілді және практикада қолданылады. Әрбір қызметкер кәсіби қызметі мен функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысын

болғызбау/барынша азайту үшін қолдануға тиіс шаралар кешеніне қойылатын талаптарды айқындайды.

Мүдделі қақтығысын болдырмау стандартында мүдделер қақтығысын мониторингілеу бойынша функциялар Кәсіпорынның комплаенс-офицеріне құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктелген.

Әкімшілік регламенттер, бір жағынан лауазымдық нұсқаулықтар және екінші жағынан жоспарланған көрсеткіштер арасындағы қарама-қайшылықты талдау барысында реттеуші және бақылау функциялары арасындағы қайшылықтар анықталмаған.

## **XVI. Мемлекеттік қызметтер көрсету.**

Кәсіпорынмен мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

## **XVII. Рұқсат беру функцияларына іске асыру.**

Кәсіпорында Documentolog электрондық құжат айналымы жүйесі пайдаланылады.

Documentolog – электрондық құжат айналымы жүйелеріне тән функциялардың толық спектрін (жасау, тіркеу, тарату, орындауды бақылау, файлдарды құру, құжатқа қол жеткізуді бақылау, жіктеуіштер мен каталогтарды жүргізу, ынтымақтастықты ұйымдастыру, мұрағатты басқару) қолдайтын веб-негізделген электрондық құжат айналымы жүйесі). Documentolog дәстүрлі іс жүргізуге (мысалы, кіріс, шығыс немесе ұйымдық-әкімшілік) тән құжаттармен шектелмей, кез келген түрдегі құжаттарды жасауға, осы құжаттардың мүмкін болатын функцияларын анықтауға және олардың қозғалыс бағыттарын сипаттауға мүмкіндік беретін құралдар жиынтығын қамтиды. олардың бүкіл өмірлік циклі бойына. Жүйенің басты ерекшелігі - құжаттың кез келген жаңа түрін жасау және қолданыстағы түрлерін өзгерту толығымен графикалық режимде бағдарламалаусыз жүзеге асырылады және оны бизнес пайдаланушылар, яғни бизнес саласында терең білімі жоқ адамдар орындай алатын ақпараттық технология.

## **XVIII. Бақылау функцияларын іске асыру.**

Кәсіпорын газ желісін жеткізуші мен газ тұтынушылар араларындағы жұмыс процесін жүргізу үшін «APRO Billing» бағдарламалық пакеті Коммуналдық кәсіпорындардың абонемент бөлімімен автоматтандырылған.

APRO Billing бағдарламалық пакеті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық секторындағы есептеулер мен төлемдерді автоматтандыруға арналған. Есеп айырысу жүйесі коммуналдық қызметтерді есепке алу мен басқарудың қуатты құралы болып табылады. Ол тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта ашық ақпарат ағынын жасауға, проблемаларды нақты локализациялауға және оларды шешудің оңтайлы жолын таңдауға мүмкіндік береді.

APRO Биллинг жүйесі жеңілдіктер мен субсидияларды ескере отырып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері үшін төлемдерді есептеу, жинау, өңдеу және аудару процестерін, сондай-ақ ақпаратты жинау және өңдеу және оны жүйеге ұсыну процестерін кешенді автоматтандыру мәселелерін шешеді.

Қатысушылар: қызметтерді жеткізушілер мен алушылар.

Жүйе функционалдығы:

### Үйдің өзгеруі

Абоненттер тобына өзгертулер енгізу қажет болған жағдайда «Үйді өзгерту» функциясын пайдалануға болады. Бұл функция ағымдағы есептеулерді жасауға, қайта есептеуге, пайдалану класын өзгертуге және т.б. ғимараттағы бірнеше пәтерге, үйге, көшеге, сондай-ақ барлық абоненттерге.

### Үй есептегіштері

Үйдегі есептегіштерінің көрсеткіштерін жазу үшін қолданылады. Көрсеткіштерді тіркегеннен кейін тұтыну үйдегі әрбір абонентке, тариф бойынша минус абоненттерге және жеке есептегіштермен есептеледі.

### Тұрғын үй субсидиялары

Тұрғын үйді субсидиялауға келісім-шарттар мен тізілімдер енгізіледі. Тұрғын үй субсидиялары белгіленгеннен кейін сома автоматты түрде төлемге түседі.

### Электрондық төлемдер

Банктен алынған электрондық төлем файлынан төлемдерді абоненттерге автоматты түрде тарату функциясы.

### Деректер алмасу

Төлемдер туралы деректерді жүктеу және банктермен алмасу үшін төлем деректерін жүктеу функциясы. Интернет-порталмен біріктіру үшін деректер алмасу функциясы. Жазылушыларға түбіртектерді электрондық пошта арқылы жіберу.

### Мобильді қолданбалар

Смартфондардың көмегімен контроллерлердің жұмысын автоматтандыруға мүмкіндік беретін Mobile Controller қосымшасымен интеграция. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарының абоненттеріне смартфондар арқылы қашықтан өзін-өзі қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін «Мобильді абонент» қосымшасымен интеграция. Бағдарламалық кешен кез келген тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – газ есебін жүргізуге мүмкіндік береді.

## **XIX. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер**

### **Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.**

Бухгалтерия қызметіне ішкі бақылауды Кәсіпорынмен жұмыс жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2023 жылы қаржыландыру қаражаты толық көлемде игерілді.

2022 жылғы 17 қазан айымен Кәсіпорын директоры бекіткен есеп саясатына сәйкес; Кәсіпорында қолма-қол ақшаны есепке алынатын, кассадағы қолма-қол ақша, ағымдағы банктік шоттардағы ақша, сондай-ақ жолдағы қолма-қол ақша жататындығы көрсетілген. Банктік шоттар бойынша операциялар банктік көшірмелердің негізінде көрсетіледі, солардың негізінде тиісті операциялар жүргізілген құжаттар қоса беріледі. Банктік шоттар бойынша барлық операциялар нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Уақытша бос ақша қаражатын екінші деңгейдегі банктерге орналастырады. Бақылау үшін Есептілікті тапсырудың біріңғай жүйесіне сәйкес (ЕТБЖ) есептілік тапсырылады.

Кәсіпорында 2023 жылдың 26 шілдесінде «GG-Audit Consulting» ЖШС-нің тәуелсіз аудиторымен тексеру жұмыстары жүргізілген, тексеру нәтижесімен Кәсіпорын есеп саясаты Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарты (МСФО) талаптарына сәйкес келетіндігін көрсеткен. Сондай-ақ, Кәсіпорынның қаржылық есептілікті шығару кезеңінде қызметінде «Есепті күннен кейінгі оқиғалар» 10

МСФО халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес қаржылық есептілікке түзетулер енгізуді міндеттейтін оқиғалар болған жоқ екендігін көрсеткен.

Мемлекеттік сатып алуларды, Кәсіпорын директорымен 2023 жылдың 10 қарашасында бекітілген Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы туралы ережеге сәйкес, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу әдістері Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының негізінде айқындалады.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында [https:// goszakup.gov.kz/](https://goszakup.gov.kz/) орналастырылады.

Алынған өнім сатып алуға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Өнім беруші сәйкес келмеуіне байланысты жеткізілетін өнімді ауыстыруға кепілдік міндеттемелерін береді. Мемлекеттік сатып алу бөлімі сатып алынатын өнімнің кіріс бақылауын жүзеге асырады. Кіру бақылауын әкімшілік –шаруашылық бөлімі, Мемлекеттік сатып алу бөлімі және Кәсіпорын бөлімшелерімен бірлесіп жүзеге асырады.

Алынған өнімнің жеткізуге арналған құжаттардың немесе шарттың талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Мемлекеттік сатып алу бөлімі маманы, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің маманы мен бөлім мамандары қолы қойылған сәйкессіздік актісін жасайды, онда анықталған сәйкессіздіктің сипаты көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде үлестес компаниялар, контрагенттің өзіне тән емес және әртүрлі бейінді жұмыстарды орындауы анықталған жоқ.

**Ұсынылады:** Мемлекеттік сатып алу процесстерін жүргізу барысында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының талаптарын қатаң басшылыққа алу.

## **XX. Салықтар мен өзге де төлемдерді жинау**

Салық міндеттемесін орындау үшін Кәсіпорын қызметіне байланысты салық есептері тапсырылады. Бухгалтерия салық міндеттемесінің, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттеменің орындалуын есепке алуды жүргізеді. Ай сайын жалақы бойынша міндетті салықтар есептеледі және аударылады.

Салық есептілігі салық төлеушінің кабинетінде барлық нысандар (ф100, ф200, ф300, ф700, ф870) тапсырылады <https://cabinet.salyk.kz/>, бұл талдау объектісі өкілдерінің және салықтар мен өзге де төлемдерді төлеушілердің жеке байланысын болдырмайды.

## **XXI. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.**

1).Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде үлестес компаниялар, контрагенттің өзіне тән емес және әртүрлі бейінді жұмыстарды орындауы анықталған жоқ;

2).контрагенттен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын өндіріп алу мерзімі өткен әрбір күн үшін жасалған шарттың талаптарына қатаң сәйкес жүргізіледі;

3).шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда, жасалған шартқа сәйкес санкциялар қолданылады;

4).қолданыстағы шартқа өзгерістер енгізілмейді;

5).келісімшарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін контрагентке уақтылы талап қою интернет-ресурс арқылы жүзеге асырылады <https://office.sud.kz/>;

6).талап қою жұмысын жүргізу тәртібі нормативтік құқықтық актілер негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорын газды тиісінше жеткізу үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шартын жасасудың талаптарын Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңына және Қазақстан Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 бұйрығы негізінде жүзеге асырады.

Газды тиісінше жеткізу үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шартын жасасудың талаптары мынадай құжаттардың болуы болып табылады:

- тұрмыстық тұтынушы тарапынан – газбен жабдықтау жобасының;
- газ тұтыну жабдығына паспорттың;
- газ тұтыну жүйесін пайдалануға қабылдау актісінің;
- газ құбырын салу паспортының;
- желдету арналары мен түтін мұржаларын зерттеп-қарау актісінің, сондай-ақ газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге жасалған шарттың болуы;

**Ұсынылады:** Газ құбырына қосу кезінде тұтынушы ҰЭМ-нің 01.05.2021 жылғы № 2 бұйрығының (әрі қарай - ҰЭМ бұйрығы) талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынады, ҰЭМ бұйрығы негізінде тұтынушы газ желісіне қосылғаннан соң тұтынушымен ескерілмеген талаптарды техникалық шарттар алғаннан кейін орындауы керек екендігі көрсетілген.

Алайда, ҰЭМ бұйрығында көрсетілген талаптарымен сәйкессіздік анықталған жағдайда, өнім беруші, «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңына (әрі қарай - Заң) және қолданыстағы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 бұйрығындағы (әрі қарай – ЭМ бұйрығы) «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидалары бойынша тұтынушыны газ құбырынан ажырату және т.б. әрекеттері қолданады.

Осылардың барлығы халық арасындағы әлеуметтік шиеленіске және тәуекелге әкеліп соғады.

Тұтынушымен газбен жабдықтауға қосу алдында, газын пайдалануға барлық қажетті талаптарын орындау кезінде, жоғарыда көрсетілген заңдарды ескеріп, олардың біріктірілуіне мүмкіндігін қарастыру қажет екендігі ұсына отыра

*қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыруыңызды.*

## **XXII. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

Кәсіпорында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жүйесі қарастырылмаған.

## **XXIII. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

2023 жылы жеке және заңды тұлғалардан 8, оның ішінде 5-арыз, 1-шағым, 1-сұрау, 1-ұсыныс келіп түсті. Оның -2 әкімшілік рәсім тәртібімен орындалды. Басқа органға құзыреті шегінде 11 өтініш жолданды мерзімінен кешіктіру жолдану фактілері орын алған жоқ.

Кәсіпорында өтініш берушілермен жұмыс сапасын арттыру мақсатында азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгіну рәсімдерін барынша жеңілдетуге және олардың қаралуын бақылауды жетілдіруге арналған «Е-otinish» – ақпараттық жүйесі арқылы азаматтардың барлық өтініштерін қабылдауға және өндеуге арналған бірыңғай платформа жүзеге асырылады.

## **XXIV. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастыру.**

Кәсіпорын әкімгершілік және өндірістік қызметкерлерін Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің функциялары туралы ереже, Кешенді аудит жүргізу туралы ереже, Қаржылық бақылау тетіктері туралы ереже, Қаржылық емес бақылау тетіктерін реттеу туралы ереже, Күдіктерді хабарлау туралы ереже, Мүдделі қақтығысының алдын алу және шешу саясаты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сенім телефонының жұмысы туралы ережелеріне сәйкес дербес таныстыру қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ, Кәсіпорынмен 2023 жылдың 30 қараша айында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі талаптарына сәйкестігін растайтын ISO 37001:2016 Сәйкестік сертификаты алынды.

Және де, 2023 жылдың 13-15 қараша айында, тәуелсіз сарапшы-аудитормен, Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесіне сертификаттық аудит жүргізілді. Аудит барысында аудиттің міндеттеріне:

- басқару жүйесінің ISO 37001:2016 талаптарына сәйкестігін іріктеп тексеру, ішкі және сыртқы өзгерістерді ескере отырып, Кәсіпорынның басқару жүйесінің белгіленген процестері мен құжаттамасы;

- басқару жүйесінің қолданыстағы заңнамалық, нормативтік және шарттық талаптарға сәйкестігін бағалау;

- қойылған мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;

- егер қолданылса, менеджмент жүйесін ықтимал жетілдіру бағыттарын анықтау бойынша тексеру жүргізілді.

Нәтижесімен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі негізінен жұмыс істейтіндігін, бірақ жетілдіруді қажет етедігін және де Сертификаттаудың мәлімделген көлемін тексеруге болатындығын көрсеткен.

Сертификат негізінде, басшылықтың шолуы, ішкі аудит, құжатталған ақпаратты басқару, парақорлыққа қарсы нұсқаулық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, ішкі аудит журналы, ұйымдық контексті, ішкі аудит бағдарламасы, парақорлыққа қарсы саясатқа қосымша, Кәсіпорында көңіл көтеру шығындарын, сыйлықтарды және қайырымдылық көмектерін реттеу саясаты, Кәсіпорынның лауазымдық нұсқаулықтары мен Мемлекеттік сатып алу және Тауарлық газды бөлшек саудада сату келісімшарттарына қосымша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер орналастырылды.

Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған.

Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған персоналға, жауапты қызметкерлері немесе жоғары басшылығы тарапынан қысым көрсету шараларынан қорғау қамтамасыз етіледі.

Жеке және заңды тұлғалардың, соның ішінде БАҚ-та Кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттер туралы шағымдар түскен жоқ.

Нормативтік-құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша бизнес-процесстерде сыбайлас жемқорлық қатері анықталған жоқ.

#### **Ұсынылады:**

1. Кәсіпорын қызметкерлеріне ҚР «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуді күшейтуді.

2. Кәсіпорын қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерді, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында заңнама талаптарына сәйкес, құқықтық оқыту жұмыстарын жүргізуді.

3. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» орындалуын қамтамасыз етуді.

Осыған байланысты, Кәсіпорын қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарын сақтауын тұрақты бақылау жолымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмайтын қосымша шаралар қабылдау қажет. Ол үшін қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сақтауы үшін жауапкершілік жүктей отырып, басшы адамдарды айқындаған жөн және комплаенс қызметі бөлімі мамандарының жауапкершілігін арттыруды.

Талдау нәтижесінде Кәсіпорынның қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкессіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау және уәкілетті органдарға хаттар жолдауға қатысты іс-шара жоспарын құруды.

### **Қорытынды бөлім**

Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлықтың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды азайту бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ұйымдастыру-басқару қызметінде кейбір тәуекелдер бар екендігі байқалады.

Осыған байланысты, Кәсіпорын қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарын сақтауын тұрақты бақылау жолымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмайтын қосымша шаралар қабылдау қажет. Ол үшін қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сақтауы үшін жауапкершілік жүктей отырып, басшы адамдарды айқындаған жөн және комплаенс қызметі бөлімі мамандарының жауапкершілігін арттыру қажет және де, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат, оларды жою жөніндегі ұсынымдар, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ұсынымдарды іске асыру мерзімдері әзірленуге жатады.

Анықталған тәуекелдерді жою үшін мынадай шаралар қабылданды:

- материалдық жауапты тұлғалардың жауапкершілігі арттырылады;
- мүлікті бақылауды жүзеге асыру үшін негізгі құралдар мен техникалық жабдықтарды түгендеудің қосымша міндеттері бекітілді;

### **ШЕШІЛДІ:**

1. Талдау анықтамасын мәлімет үшін Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына жіберілсін.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізілсін.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қортындысы Кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылсын.

Директор



**Н.С. Шаухаманов**

Комплаенс-офицер:



**Г.С. Байкуатов.**